



**"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1802 Қаулысы  
БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

«Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 532-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 2), 3) тармақшалары, 4-тармақтың 4-1), 5), 7) тармақшалары алынып т а с т а л с ы н ;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі туралы ереже осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *С. Ахметов*  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 9 ж е л т о қ с а н д а ғ ы  
№ 1 8 0 2 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 2 8 н а у р ы з д а ғ ы  
№ 1 1 2 0 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі туралы ереже**

**1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) өз құзыреті шегінде мемлекет қызметінің құқықтық қамтамасыз етілуін жүзеге асыратын,

мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың жұмысында заңдылық режиміне қолдау көрсететін, азаматтардың және ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін, сондай-ақ атқарушылық құжаттардың уақтылы орындалуын және жекелеген негіздер бойынша республикалық меншікке айналдырылған (айналдырылуы тиіс) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Министрліктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында, аудандарда, қалаларда және қалалардағы аудандарда аумақтық органдары және ведомстволары бар: Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті, Зияткерлік меншік құқығы комитеті, Сот актілерін орындау комитеті.

Министрлік, оның ведомстволары, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдары Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің бірыңғай жүйесін құрайды.

Ведомстволардың құзыреті мен өзге мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылының тәртібін бірінші басшы айқындайды.

3. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Министрлік мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Министрліктің, егер оған заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілсе, азаматтық-құқықтық қатынастар тарапы ретінде мемлекеттің атынан түсуге құқығы бар.

7. Министрлік өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Министрліктің құрылымы және штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Министрліктің заңды мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Орынбор көшесі, 8 - үй.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі» мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Министрлік қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Министрлікке кәсіпкерлік субъектілерімен Министрліктің функциялары болып

табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынды.

Министрлік кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру кезінде мұндай қызметтен түсетін табыстарды мемлекеттік бюджеттің кірісіне жібереді.

## **2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. Министрліктің миссиясы:

Елдің бәсекелестік қабілетін арттыру міндеттерін шешу үшін құқықтық инфрақұрылымды жаңғырту және қамтамасыз ету.

15. Міндеттері:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының үстемдігін, Қазақстан Республикасының егемендігін, заң жобалау жұмыстарын жүргізу, заңнаманы талдау, жетілдіру, жүйелеу, нормативтік құқықтық актілер жобаларына заңдық сараптама жүргізудің жалпымемлекеттік даму стратегиясын әзірлеуге және іске асыруға қатысу арқылы қазақстандық қоғам мен мемлекетті тұрақты әрі біртіндеп дамытуды қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық заңнаманы қалыптастыруға қатысу;

2) Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғау және әлемдік қоғамдастықта Республиканың беделін нығайту мақсатында оның халықаралық аренадағы қызметін, оның ішінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын дайындау және жасасу арқылы құқықтық қамтамасыз ету;

3) заңды тұлғаларды, жылжымайтын мүлікке құқықтарды және жылжымалы мүліктің жекелеген түрлеріне кепілдіктерді, орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілерін, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік есепке алуды және оларды бақылауды жүзеге асыру;

4) құқықтық көмек пен заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру және құқықтық насихатты қамтамасыз ету;

5) сот-сараптама қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру;

6) зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

7) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді заңға сәйкес жүзеге асыру;

8) мемлекеттік саясатты іске асыру, сондай-ақ атқарушылық құжаттарды орындау саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу, республикалық меншікке айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру.

## 1. Орталық аппараттың функциялары:

- 1) ұлттық заңнаманы дамыту;
- 2) шет мемлекеттердің тиісті ұйымдарымен халықаралық байланыстар орнату және қолдау;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шет мемлекеттермен құқықтық көмек және құқықтық ынтымақтастық туралы халықаралық шарттар жасасуды дайындау, ұйымдастыру;
- 4) Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің заңнамасын үйлестіру, біріздендіру, сондай-ақ Қазақстан таныған Қазақстан Республикасының заңнамасындағы халықаралық нормаларды имплементациялау мәселелері бойынша талдау жүргізу;
- 5) Қазақстан Республикасының Үкіметіне құзыретті мемлекеттік органның ұсынуымен шетелдік инвесторлармен сот және төрелік талқылауларға бастамашылық ету туралы ұсыныстар енгізу;
- 6) халықаралық шарттар жобаларының заң сараптамасы;
- 7) басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдар берген мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ олар құпияландырған мәліметтерді қорғауды қамтамасыз ету;
- 8) халықаралық шарттардың талаптарын іске асыруды қамтамасыз ету;
- 9) заң жобалау жұмысы, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу;
- 10) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың заңнама саласындағы ғылыми-зерттеу жұмысын үйлестіру;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамасын өз қызметінің аясында қолдану тәжірибесін талдау әрі жинақтау және оны жетілдіру, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша тиісті ұсыныстар енгізу;
- 12) Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Премьер-Министрінің тапсырмасы бойынша және өз бастамасы бойынша Үкіметтің нормативтік құқықтық актілеріне ресми түсінік беру;
- 13) нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік есебін жүргізу;
- 14) нормативтік құқықтық актілердің ресми мәтіндерін кейінгі жариялауға құқық беру;
- 15) орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу, мәслихаттардың, әкімдіктер мен әкімдердің нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу бойынша қызметті үйлестіру;
- 16) Қазақстан Республикасының кепілдігімен жасалған қарыз шарттарының заң сараптамасы;
- 17) заң қызметтерінің нарығын талдау, мүдделер қақтығысын болдырмау

мақсатында әлеуетті консультанттар тізбесін қалыптастыру;

18) Қазақстан Республикасының Үкіметі жасасатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың және инвестициялық шарттар жобаларының заң сараптамасы ;

19) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу саласындағы ғылыми-зерттеу жұмысын үйлестіру;

20) орталық атқарушы органдардың заң қызметтерінің қызметін үйлестіру және әдістемелік басқару, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері аппараттарының заң қызметтерімен өзара іс-қимыл жасау;

21) Премьер-Министрдің, оның орынбасарының немесе Премьер-Министр Кеңесі Басшысының тапсырмасы бойынша мемлекеттік органдарға сот талқылауларында құқықтық және консультациялық көмек көрсету;

22) мемлекеттік органдардың тіркелген нормативтік құқықтық актілерінің тізбесін көпшіліктің назарына ұсыну үшін жариялау;

23) мемлекеттік сатып алуды жүргізуді ұйымдастыру;

24) өз құзыретінің шегінде сот-сараптама қызметін жүзеге асыру саласында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін қабылдау;

25) заңнамаға түсінік беруге қатысу;

26) адамның және азаматтың, ұйымдар мен мемлекеттің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтау және қорғау;

27) нормативтік құқықтық актілер жобаларының заң сараптамасы;

28) стратегиялар мен бағдарламаларды іске асыруды үйлестіру;

29) заң жобалау, сараптамалық, ғылыми-зерттеу жұмыстарын және консультацияларды жүзеге асыруға осы мақсаттарда бюджеттік және өзге де қаражатты пайдалана отырып, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың мамандары мен сарапшыларын, оның ішінде шетелдік мамандар мен сарапшыларды тарту;

30) халықаралық төреліктер мен шетелдік соттарда мемлекеттің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету ;

31) Қазақстан Республикасына және Қазақстан Республикасының Үкіметіне, соның ішінде мемлекеттік органдарға сот және төрелік шағым-талаптарын беру себептерін талдау ;

32) Қазақстан Республикасының Үкіметі қатысатын шетелде өткізілетін сот немесе төрелік талқылаулардың перспективаларын бағалау және мемлекет мүдделерін қорғау жөнінде уақтылы шаралар қабылдау ;

33) уәкілетті мемлекеттік органдар жүргізетін дауларды шешу жөніндегі келіссөз процесстеріне қатысу ;

34) мемлекеттік органдарға өз құзыретінің шегінде ғылыми-әдістемелік және құқықтық көмек көрсету ;

35) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес

ақпараттық жүйелерді қолдана отырып, электрондық қызметтер көрсету;

36) халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттердің сот тапсырмалары мен өтініштерін орындау;

37) азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 56-бабында белгіленген тәртіппен қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау бойынша сотқа талап-арызбен жүгіну;

38) бақылау және қадағалау функциялары берілген мемлекеттік органдардың сұрау салулары бойынша ақпарат ұсыну;

39) әділет органдарының ақпараттық қауіпсіздікті сақтауын қамтамасыз ету;

40) құқықтық ақпараттандыру, заңнаманы жүйелеу, нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкіні жүргізу, Қазақстанда құқықтық ақпараттың бірыңғай компьютерлік жүйесін жүргізу;

41) орталық мемлекеттік органдарда, сондай-ақ мәслихаттарда және әкімдіктерде мемлекеттік тіркелуге жататын нормативтік құқықтық актілерді тексеруді жүзеге асыру ;

42) нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін кейіннен жариялауды жүзеге асыратын адамдардың қызметін нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін кейіннен ресми жариялау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау мәніне тексеруді жүзеге асыру ;

43) мемлекеттік органдардың әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жататын, бірақ одан өтпеген нормативтік құқықтық актілеріне қатысты заң бұзушылықтарды жою туралы ұсыныстар енгізу ;

44) орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың өздері қолданатын, Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес жариялануға міндетті, бірақ белгіленген тәртіппен жарияланбаған нормативтік құқықтық актілеріне қатысты заң бұзушылықтарды жою туралы ұсыныстар енгізу ;

45) мемлекеттік органдардың әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жататын, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін нормативтік құқықтық актілеріне қатысты заң бұзушылықтарды жою туралы ұсыныстар енгізу ;

46) халықаралық төреліктер мен шетелдік соттарда мемлекет мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі тартатын шетелдік заң консультанттарының жұмысын үйлестіру ;

47) ведомстволық бағынысты ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу ;

48) әділет органдары көрсететін және қамтамасыз ететін мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының сақталуын қамтамасыз ету ;

49) Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын

қ а м т а м а с ы з

е т у ;

50) әділет органдары жүйесіндегі кадрларға деген қажеттілікті айқындау.

2. Ведомстволардың функциялары:

1) шарттық негізде эталондық заңнамалық актілерді және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, ақпараттық және анықтамалық-әдістемелік материалдарды, соның ішінде автоматтандырылған құқықтық ақпараттық жүйені пайдалана отырып ұсыну;

2) азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша қабылдау, қарау және өтініш берушілерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде қабылданған ш е ш і м д е р т у р а л ы х а б а р л а у ;

3) заңнамаға сәйкес атқарушылық құжаттардың уақтылы орындалуын қамтамасыз е т у ;

4) жекелеген негіздер бойынша республикалық меншікке айналдырылған ( айналдырылуы тиіс) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану ж ө н і н д е г і ж ұ м ы с т ы ұ й ы м д а с т ы р у ;

5) белгіленген тәртіппен зияткерлік меншік құқықтарын өзара қорғау туралы халықаралық шарттарды дайындауға және жасасуға, мұндай шарттарға қол қоюға қ а т ы с у ;

6) туындыларды пайдалануға құқықтардың импорты мен экспортын ұйымдастыруға ж ә р д е м д е с у ;

7) бағалау қызметінің барлық субъектілері үшін тең жағдай жасау арқылы мүлікті бағалау жөніндегі қызмет көрсету нарығында бәсекелестікті дамытуға жәрдемдесу;

8) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға жұмылдыру дайындығын жетілдіру ж ө н і н д е г і ұ с ы н ы с т а р е н г і з у ;

9) Қазақстан Республикасының жұмылдыру жоспарын және тауарларды өндірудің, жұмыстарды орындау мен қызметтерді көрсетудің тиісті кезеңге арналған жоспарын ә з і р л е у г е қ а т ы с у ;

10) өз құзыреті шегінде стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін бағалау стандарттарын әзірлеуге қатысу, с о н д а й - а қ о л а р д ы к е л і с у ;

11) зияткерлік меншік объектілерін құқықтық қорғау және пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеу және басқа да жұмыстардың ұйымдастырылуы мен жүргізілуін қ а м т а м а с ы з е т у ;

12) Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін діни бірлестіктер туралы ақпараттық дерекқорды қалыптастыру;

13) нотариат мәселелері бойынша әдістемелік, нұсқамалық және түсіндірме материалдарын қ а м т а м а с ы з е т у ;

14) құқықтық насихатты ұйымдастыруды ведомствоаралық үйлестіру;

15) мемлекеттік нотариаттық кеңселердің қызметіне басшылық жасау, жеке

нотариатты дамытуға жәрдемдесу;

16) «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда мемлекеттік нотариатты оңтайландыру жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

17) аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар (селолар), ауылдық (селолық) округтер әкімдері аппараттарының нотариаттық әрекеттерді жасайтын лауазымды тұлғаларға әдістемелік және практикалық көмек көрсету;

18) халықты мемлекеттік және жеке нотариустардың қызмет ету аумағы туралы ұдайы хабардар ету;

19) азаматтық хал актілері жазбалары органдарына әдістемелік басшылық жасау;

20) Республиканың азаматтық хал актілері жазбалары органдарының қызметін қамтамасыз ету және азаматтық хал актілерін тіркеу мәселелері бойынша аумақтық бөлімшелерге әдістемелік көмек көрсету;

21) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу саласындағы нормативтік құқықтық актілермен қамтамасыз ету;

22) бағалау қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілермен қамтамасыз ету;

23) жіктелімдерді және сәйкестендіру деректері анықтамалықтарын жүргізу тәртібін, олардың құрылымын, құрамы мен форматын белгілеу;

24) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу жөніндегі қызметке әдістемелік басшылық жасау;

25) өз құзыреті шегінде бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін жасау, жүргізу және пайдалану жөніндегі нормативтік құқықтық актілермен қамтамасыз ету;

26) зияткерлік меншікті қорғау саласындағы заңнаманы қолданудың практикасын қорыту, сондай-ақ осы саладағы заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстар әзірлеу;

27) Интегралды микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізіліміне топологияларды енгізу;

28) тіркелген топологияға айрықша құқық беру туралы шартты, тіркелген топологияларды пайдалануға лицензиялық және сублицензиялық шарттарды тіркеуді жүзеге асыру;

29) патенттік сенімді өкілдерге қойылатын біліктілік талаптарын, оларды аттестаттау, тіркеу және патенттік сенімді өкілді тіркеу туралы куәлік беру тәртібін айқындау;

30) тіркелген топологиялар туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялау;

31) зияткерлік меншікті, материалдық емес активтердің құнын бағалау жөніндегі қызметін жүзеге асыруға лицензиялар беру;

32) селекциялық жетістіктерге патенттер беру;

33) лицензиаттың басқа адамға (сублицензиатқа) селекциялық жетістікті пайдалану құқығына айрықша емес лицензия беру туралы лицензиялық және сублицензиялық



- ш а р т т а р д ы т і р к е у ;
- 34) өнертабыстарға, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге қорғау қ ұ ж а т т а р ы н б е р у ;
- 35) көрсетілген лицензияны алуға тілек білдірген адаммен патент иесінің төлемдері т у р а л ы ш а р т т ы т і р к е у ;
- 36) қорғау құжаттарын беру шарттарын тіркеу;
- 37) өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдалануға лицензиялық шартты және сублицензиялық шартты тіркеу;
- 38) зияткерлік меншікке құқықтарды қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық шарттардың және келісімдердің нормалары мен ережелерін іске асыру;
- 39) тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, тауар шығарылған жердің атауларына қорғау құжаттарын беру;
- 40) өнеркәсіптік меншік объектілеріне, селекциялық жетістіктерге, интегралды микросхемалар топологияларына қорғау құжаттарын беруге өтініштерді тіркеуді қ а м т а м а с ы з е т у ;
- 41) топологияларды тіркеу бойынша өтініштерді қарауға қабылдау, оларды қарау және топологияларды тіркеуді жүзеге асыру;
- 42) мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру;
- 43) заңдық әдебиетке, құқықтық насихат проблемалары жөніндегі әдебиетке т а п с ы р ы с б е р у ;
- 44) мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдарды аккредиттеу;
- 45) сот органдарына діни бірлестіктердің және діни бірлестіктер құрған заңды тұлғалардың қызметін тоқтата тұру немесе тыйым салу туралы талап арыздар ұсыну;
- 46) нотариаттық палатамен бірлесіп, жеке нотариустың бос лауазымына орналасу үшін конкурстық іріктеу өткізу;
- 47) мемлекеттік нотариаттың кадрларын іріктеу, аттестаттау және орналастыру;
- 48) аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар (селолар), ауылдық (селолық) округтер әкімдері аппараттарының нотариаттық қызметтерді жасауға уәкілетті лауазымды адамдарын аттестаттауды жүргізу;
- 49) нотариаттық палатамен бірлесіп, нотариаттық қызметті жүзеге асыратын жекеше нотариустарды аттестаттауды жүргізу;
- 50) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына арналған лицензия алған адамдардың резервін қалыптастыру;
- 51) нотариустардың халыққа құқықтық қызмет көрсетуі саласында басшылық ету мен үйлестіруді жүзеге асыру;
- 52) уәкілетті органның бөлімшелері мен нотариаттық палаталардың ұсынымдары негізінде әрбір нотариаттық округ бойынша нотариустар санын бекіту;
- 53) нотариаттық палатамен бірлесіп, нотариаттық тәжірибені қорыту;

- 54) мемлекеттік нотариаттық кеңселерді ашу және тарату;
- 55) Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына арналған лицензиялардың мемлекеттік тізілімін жүргізу, сондай-ақ ведомстволық баспа басылымында лицензиялар берілген адамдар туралы мәліметтерді және нотариустардың лицензияларының қолданылуын тоқтата тұру, қалпына келтіру, айыру және тоқтату туралы мәліметтерді жариялау;
- 56) нотариаттық палатамен бірлесіп, нотариаттық округтегі жеке нотариустардың қызмет ету аумағын айқындау;
- 57) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына арналған лицензиялар (нотариустың лицензиялары) беру;
- 58) сот-сараптама қызметімен айналысу құқығына арналған лицензиялар беру;
- 59) жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік нотариустардың қызметтік іс-әрекеттеріне өтініштерін қарау;
- 60) нотариаттық палатамен бірлесіп, азаматтар мен заңды тұлғалардың жекеше нотариустардың іс-әрекеттеріне өтініштерін қарау;
- 61) нотариустардың жеке мөрлерін дайындауға тапсырысты жүзеге асыру және оларды Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес беру;
- 62) нотариаттық округте нотариустар уақытша болмаған кезде нотариаттық палатамен бірлесіп, нотариаттық іс-әрекеттердің жасалуын ұйымдастыру;
- 63) нотариаттық палатамен бірлесіп, нотариустарға әдістемелік және практикалық көмек көрсету;
- 64) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына арналған лицензияның қолданылуын тоқтата тұру және тоқтату туралы шешім қабылдау, сондай-ақ нотариустардың лицензияларынан айыру туралы талап-арыздарға бастамашылық ету;
- 65) нотариаттық палатамен бірлесіп, тиісті нотариаттық округте өз қызметін тоқтатқан нотариустың жеке мөрін жою және басқа нотариуска немесе жеке нотариаттық мұрағатқа беру жөнінде, сондай-ақ егер нотариуста лицензияның қолданылуы тоқтаған жағдайда оны лицензиарға беру үшін лицензиясын алып қою жөнінде шара қабылдау;
- 66) азаматтық хал актілерін жазу органдарының кадрларын аттестаттау, іріктеу және орналастыру, олардың қызметінде бірыңғай құқық қолдану тәжірибесін қамтамасыз ету;
- 67) адвокаттық қызметпен айналысу құқығына арналған лицензиялар (адвокаттың лицензиялары) беру;
- 68) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі бекітетін ол туралы ережеге сәйкес Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына арналған лицензиялардың мемлекеттік тізілімін жүргізу және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында адвокаттарға лицензиялар беру, лицензияларының қолданылуын тоқтата тұру, қалпына келтіру, айыру және тоқтату туралы мәліметтерді

ж а р и я л а у ;

69) бизнес-сәйкестендіру нөмірлерін қалыптастыруды орталықтан жүзеге асыру және тіркеуші мен басқа да мемлекеттік органдар мен өзге де мемлекеттік мекемелерге а қ п а р а т б е р у ;

70) бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін жүргізу;

71) Алматы қаласы өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын қоспағанда, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу;

72) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз ету;

73) азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктер беру;

74) әділет органдарынан және өзге де мемлекеттік органдардан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою;

75) ресми тізілімдерде авторлық құқықты тіркеу;

76) мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдардың және шығармаларды пайдаланудың тиісті тәсілдерін пайдаланушылардың және сабақтас құқық объектілерінің араларында жасалған лицензиялық шарттарды тіркеу және тиісті үлгідегі мемлекеттік тіркеу куәліктерін беру;

77) жылжымайтын мүлікті мемлекеттік тіркеу және мемлекеттік техникалық тексеру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және қызметті мемлекеттік р е т т е у ;

78) бағалау қызметі субъектілеріне бағалау қызметіне байланысты мәселелерде консультациялық көмек көрсету ;

79) Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасын қолдану т ә ж і р и б е с і н қ о р ы т у ;

80) жеке сот орындаушыларының іс жүргізу қағидаларын орындауын бақылау;

81) мемлекеттік сот орындаушысының қызметін бақылау;

82) жеке сот орындаушыларының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын сақтауын және өздерінің міндеттерін тиісінше орындауын бақылауды ұйымдастыру;

83) селекциялық жетістіктерді пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың қ ы з м е т і н б а қ ы л а у ;

84) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне, «Әділет органдары туралы», «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы», «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы», «Патент заңы» туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылатын әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасау және істерді қ а р а у , ә к і м ш і л і к ж а з а б е р у ;

85) өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың қ ы з м е т і н б а қ ы л а у ;

86) тауар белгілерін, тауар шығарылған жерлердің атауларын, қызмет көрсету

белгілерін пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың қызметін бақылау;

87) ұжымдық негізде мүліктік құқықтарды басқаратын ұйымдардың қызметін бақылауды жүзеге асыру;

88) авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілерін пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың қызметін бақылауды жүзеге асыру;

89) Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік саласындағы заңнамасын сақтау мәніне жеке және заңды тұлғаларды тексеруді жүзеге асыру;

90) патенттік іс саласындағы сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдардың қызметін бақылау;

91) нотариаттық кеңселердің, азаматтық хал актілерін жазу органдарының, адвокатура жеке және заңды тұлғаларға көрсететін заңгерлік қызмет көрсету сапасын бақылау;

92) мемлекеттік және жекеше нотариустар жасайтын нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығын және іс қағаздарын жүргізу қағидаларын сақтауын бақылау;

93) келу сипатындағы жекеше нотариустарды есептік тіркеуді жүргізу;

94) нотариустардың халыққа құқықтық қызмет көрсету саласында бақылауды жүзеге асыру;

95) нотариаттық палатаға жекеше нотариусты жауапкершілікке тарту туралы ұсыныс енгізу;

96) жекеше нотариустардың «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының талаптарын сақтауын бақылауды ұйымдастыру және өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаудан жалтарған және Қазақстан Республикасының жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңнамасының өзге де талаптарын бұзатын жекеше нотариустарға шара қолдану;

97) мемлекеттік нотариустар және аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері аппараттарының лауазымды адамдары жасаған нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығын және олардың іс қағаздарын жүргізу жай-күйін бақылауды жүзеге асыру;

98) нотариустардың халыққа құқықтық қызмет көрсету саласында заңдылықты ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі аумақтық әділет органдарының қызметіне басшылықты, үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру;

99) лицензиаттардың олардың лицензиялық талаптарды сақтау қызметін бақылау;

100) бағалау қызметі саласындағы мемлекеттік бақылау.

## 17. Құқықтар мен міндеттері:

Министрліктің өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру және өзінің функцияларын жүзеге асыру кезінде заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) өзінің құзыреті шегінде орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратуға және алуға;

3) қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

### **3. Министрліктің қызметін ұйымдастыру**

18. Министрлікке басшылық етуді жүзеге асыратын және өзіне жүктелген міндеттердің орындалуына және олардың өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Бірінші басшыны Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтен босатылатын және тағайындалатын бірінші басшының орынбасарлары (вице-министрлері) болады.

21. Бірінші басшының өкілеттігі:

1) өз орынбасарларының міндеттері мен өкілеттігін айқындайды;

2) заңнамаға сәйкес еңбек қатынастарының мәселелері өзінің құзыретіне жатқызылған Министрлік қызметкерлерін қызметке тағайындайды және босатады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік қызметкерлерін тәртіптік жазаға тартады және көтермелеу бойынша шаралар қолданады, өзінің құзыретіне жатқызылған еңбек қатынастарын шешеді;

4) бұйрықтарға қол қояды;

5) барлық мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда Министрліктің атынан өкілдік етеді;

6) Министрліктің жұмыс регламентін бекітеді;

7) Министрліктегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуге бағытталған шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шаралар үшін дербес жауапты болады.

Бірінші басшы болмаған кезде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

22. Бірінші басшы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды.

23. Министрлік аппаратын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын жауапты хатшы басқарады.

### **4. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мүлкі**

24. Заңнамада көзделген жағдайларда министрліктің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Министрліктің мүлкі оған меншік иесі берген мүліктің есебінен, сондай-ақ

Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге көздерден және жеке қызметі нәтижесінде иеленген мүліктен (ақшалай табысты қоса алғанда) қ ұ р ы л а д ы .

25. Министрлікке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

26. Министрліктің өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен иеленген мүлікті, егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

Министрлікке заңда белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке иелік ету құқығы берілуі мүмкін.

## **5. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату**

27. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **Министрліктің қарамағындағы ұйымдар мен оның ведомстволарының тізбесі**

### **1. Министрлік**

1. «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» республикалық мемлекеттік к ә с і п о р н ы .

2. «Заң» медиа-корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

### **2. Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті**

1. «Астана қаласы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

2. «Алматы қаласы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

3. «Алматы облысы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

4. «Ақтөбе облысы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

5. «Атырау облысы бойынша бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

6. «Шығыс Қазақстан облысы бойынша бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

7. «Жамбыл облысы бойынша бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық»

республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

8. «Батыс Қазақстан облысы бойынша бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

9. «Қарағанды облысы бойынша бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

10. «Қостанай облысы бойынша бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

11. «Қызылорда облысы бойынша бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

12. «Маңғыстау облысы бойынша бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

13. «Павлодар облысы бойынша бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

14. «Солтүстік Қазақстан облысы бойынша бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

